

BI CLUB БЕЙІЛДІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында «Билдинг Сервис» ЖШС (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ұйымдастыратын «BI Club» бейілдік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) қатысу талаптарын айқындайды.

1.2. Бағдарлама BI Group клиенттеріне: қазіргі сатып алушыларға, жылжымайтын мүлік иелеріне және әлеуетті клиенттерге арналған.

1.3. Бағдарламаға 18 (он сегіз) жасқа толған, мобильді телефон нөмірін қолдана отырып, BIGApp мобильді қолданбасында авторланған және осы Ережелердің талаптарын қабылдаған кез келген жеке тұлға қатыса алады. 16 (он алты) жастан 18 (он сегіз) жасқа дейінгі тұлғалар Бағдарламаға ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімімен ғана қатыса алады. 16 (он алты) жасқа толмаған тұлғаларға Бағдарламаға қатысуға рұқсат етілмейді.

2. Негізгі қағидалар

2.1. Бағдарламаға қатысу тегін.

2.2. Қатысушыға Бағдарламадағы әрекеттерді (тапсырмаларды) орындағаны үшін бонус бірліктері («BI Coin») есептеледі (бұл бонус бірліктері – ақша қаражаты емес).

2.3. BI Coin-дарды Жүлделер дүкенінде жүлделерге айырбастауға болады.

2.4. BI Coin-дардың жарамдылық мерзімі шектеулі (әдепкіде 12 ай).

2.5. Ұйымдастырушы тапсырмалар мен жүлделер тізімін, сонымен қатар, олардың құнын/құндылығын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.

3. Бағдарламаны іске асыру тетігі

3.1. Онбординг

BIGApp қолданбасында алғаш авторланғанда Қатысушыға Бағдарлама функционалы сипатталған ақпараттық экрандар көрсетіледі.

3.2. Тапсырмалар жүйесі

3.2.1. Қолданбада белсенді тапсырмалар тізімі бар.

3.2.2. Тапсырмаларды орындағаны үшін BI Coin есептеледі.

3.2.3. Тапсырмалар тұрақты және ерекше (жоғары сыйақы берілетін) болып бөлінеді.

3.2.4. Тапсырмалар жүйелі түрде орындалған кезде «стрик» құралады, ол үшін қосымша сыйақылар беріледі.

3.2.5. Ұйымдастырушы тапсырмалардың дұрыс орындалғанын тексеруге және ереже бұзылды деген күдік болған жағдайда бонус есептеуден бас тартуға құқылы.

3.3. Жүлделер дүкені

3.3.1. BI Coin-дарды цифрлық жүлделерге (промокодтар) немесе заттай жүлделерге (тауарлар, сертификаттар, мерч) айырбастауға болады.

3.3.2. Цифрлық жүлделер BIGAPP арқылы беріледі.

3.3.3. Заттай жүлделерді алу талаптарын Ұйымдастырушы белгілейді.

3.3.4. Ұйымдастырушы жүлделердің тізімі мен санын алдын ала ескертусіз өзгертуге құқылы.

3.4. Деңгей жүйесі

3.4.1. Қатысушының мәртебесі оның меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің санына қарай анықталады.

3.4.2. Мәртебе жоғарылаған сайын артықшылықтар аясы да кеңейеді, соның ішінде:

- кейіннен жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдіктер артады;
- ойын тетіктерінде көбірек мүмкіндіктер болады;
- эксклюзивті жүлделерге қол жеткізу мүмкіндігі беріледі.

3.5. «Сәттілік дөңгелегі» ойыны

3.5. «Сәттілік дөңгелегі» ойын механикасы

3.5.1. «Сәттілік дөңгелегі» ойын механикасын қолданатын Акция (бұдан әрі — «Акция») Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

3.5.2. Ұйымдастырушы Акция өтетін кезеңді, соның ішінде басталатын және аяқталатын күндерін белгілеп, BIGApp мобильді қолданбасында жариялайды. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін Акцияға қатысу автоматты түрде тоқтатылады.

3.5.3. Қатысушыға «Сәттілік дөңгелегін» бір рет тегін айналдыру құқығы беріледі, бұл мүмкіндікті іске қосылған (берілген) сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде пайдалану қажет.

Тегін айналдыру құқығын жаңарту тәртібі мен мерзімі Ұйымдастырушының шешімі бойынша анықталады және Қатысушыларға BIGApp мобильді қолданбасы арқылы хабарланады.

Белгіленген мерзімде пайдаланылмаған тегін айналдыру құқығы келесі кезеңдерге ауыстырылмайды, ешқандай түрде өтелмейді және, пайдаланбау себептеріне қарамастан, тиісті апталық мерзім аяқталған соң автоматты түрде күшін жоғалтады.

Ұйымдастырушы мобильді қолданбада тиісті ақпаратты жариялай отырып, тегін айналдыру құқығын беру және жаңарту тәртібін біржақты өзгертуге құқылы.

3.5.3.-1. Қатысушы Бейілдік бағдарламасындағы бонустық шотынан BI Coin-дарды есептен шығару арқылы «Сәттілік дөңгелегін» қосымша айналдыру құқығын пайдалана алады.

Бір қосымша айналдыру құны — 100 (бір жүз) BI Coin.

BI Coin — шартты бонус бірліктері. Бұл — ақша, электронды ақша, төлем құралы, мүлік құқығы немесе азаматтық құқықтың қандай да бір объектісі емес, өзіндік құны жоқ, айырбасталмайды, сатылмайды, үшінші тұлғаларға берілмейді, ақшалай немесе басқа түрде қайтарылмайды және тек Бейілдік бағдарламасы аясында, Ұйымдастырушы белгілеген талаптар бойынша пайдаланылады.

Ұйымдастырушы мобильді қолданбада тиісті ақпаратты жариялай отырып, BI Coin-дарды есепке жазу, есептен шығару және пайдалану тәртібін біржақты өзгертуге, сонымен қатар, оларды пайдалану мүмкіндігін уақытша немесе толық тоқтатуға құқылы.

Қосымша айналдыру мүмкіндіктерінің саны шектелмейді. Қатысушы тиісті айналдыруды іске қосатынын растаған сәтте BI Coin-дар автоматты түрде есептен шығарылады және бұл түпкілікті болып саналады; BI Coin-дар есептен шығарылған сәттен бастап, айналдыру нәтижесіне немесе техникалық жағдайларға қарамастан, Ұйымдастырушы тікелей қарастырған жағдайлардан басқасында олар қайтарылмайды, қалпына келтірілмейді және өтелмейді.

3.5.4. Шектеулі санда ұсынылатын заттай жүлделер техникалық ақау салдарынан жүлде қорында қарастырылғаннан көбірек Қатысушыға қате есептелген жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай қате есептеулерді жарамсыз деп тануға, «Сәттілік дөңгелегі» механикасын жаңартуға, дұрыс емес деректерді жоюға және барлық Қатысушыларға жаңа айналдыру мүмкіндігін беруге құқылы.

3.5.5. Пайдаланылмаған мүмкіндік келесі күнге ауыстырылмай, жойылады.

3.5.6. Жүлденің берілгеніне немесе Қатысушы құрылғысында көрсетілгеніне қарамастан, «Сәттілік дөңгелегін» айналдыру анимациясы іске қосылған сәттен бастап мүмкіндік пайдаланылған болып саналады.

3.5.7. Акция аясында мынадай жүлде түрлері қарастырылады:

- (i) заттай жүлделер;
- (ii) цифрлық жүлделер (соның ішінде промокодтар);
- (iii) BI Coin бонус бірліктері;

(iv) BI Group холдингінің Алматы және Астана қалаларында сатылатын жылжымайтын мүлкіне жеңілдіктер. Мұндай жеңілдіктің мөлшерін, қолданылу талаптарын және жарамдылық мерзімін Ұйымдастырушы өзі белгілейді.

Жүлделердің құрамын, санын және санатын Ұйымдастырушы өзі белгілейді және Қатысушыларға алдын ала хабарламастан өзгерте алады.

3.5.7-1. Ұйымдастырушы «Сәттілік дәңгелегі» ойын механикасында көрсетілетін цифрлық жүлделердің тізбесі мен құрамын өз шешімі бойынша өзгертуге, соның ішінде, бірақ мұнымен шектелместен, серіктестердің бір промокодтарын басқаларына ауыстыруға, кейбір позицияларды қосуға немесе алып тастауға құқылы. Аталған өзгерістер Қатысушыларды алдын ала хабардар етпестен жүзеге асырылуы мүмкін және мобильді қолданбаның тиісті бөлімінде жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Мұндай өзгерістер олар енгізілгенге дейін Қатысушыларға тиісті түрде есептелген жүлделерге қолданылмайды.

3.5.8. «Сәттілік дәңгелегін» айналдыру нәтижесі кездейсоқ болады. Қатысу жиілігіне немесе мүмкіндіктер санына қарамастан, Қатысушының қандай да бір нақты жүлдені алатынына Ұйымдастырушы кепілдік бермейді.

3.5.9. Жүлде қорын Ұйымдастырушы алдын ала қалыптастырады және ол шектеулі болып табылады. Нақты заттай жүлденің лимиті таусылса, мұндай жүлде «Дәңгелекте» көрсетіле береді, бірақ оның Қатысушыға түсу мүмкіндігі алынып тасталады.

3.5.10. Бірегей жүлдені (соның ішінде жүлделер сериясымен шектелген) бір Қатысушы бір рет қана ұта алады. Ал BI Coin Қатысушыға бірнеше рет берілуі мүмкін.

3.5.11. Қатысушы ұтқан барлық жүлделер BIGApp мобильді қолданбасындағы BI Club бейілдік бағдарламасының «Менің жүлделерім» бөлімінде көрсетіледі.

3.5.12. Цифрлық жүлделер оларды Қатысушының жеке кабинетіне қосу арқылы автоматты түрде беріледі.

3.5.13. BI Coin-дар автоматты түрде есептеліп, Қатысушының әмиянында және транзакциялар тарихында көрсетіледі.

3.5.14. Заттай жүлдені алу үшін Қатысушы BIGApp қолданбасындағы «Жүлдені алу» түймесін басу арқылы қолдау қызметінің чатына өтіп, жүлдені жеткізу үшін қажет болатын дұрыс байланыс ақпаратын беруге міндетті.

3.5.15. Заттай жүлдені жеткізу мерзімі:

- Қазақстан Республикасының ірі қалаларында — 14 (он төрт) күнге дейін;

- аймақтарда — 30 (отыз) күнге дейін;

3.5.15. Заттай жүлдені жеткізу мерзімі Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша, соның ішінде мереке күндері, ресми демалыс күндері, форс-мажор жағдайлары, тасымалдаушылардың кешіктіруі немесе үшінші тұлғалардың тәуекеліне қатысты басқа да жағдайлар салдарынан ұлғаюы мүмкін.

3.5.16. BI Group холдингінің сату кеңсесі бар елді мекендерде заттай жүлдені беру тиісті кеңсе арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Жүлдені алған кезде жүлденің табысталғанын растау үшін фотосуретке немесе бейнежазбаға түсіруі мүмкін.

3.5.17. Кейбір аймақтарда заттай жүлдені Ұйымдастырушының серіктесі жеткізуі мүмкін. Бұл жағдайда жеткізу мерзімі, қызмет сапасы және басқа да ілеспе міндеттемелер үшін тиісті серіктес өз жауапкершілік аясы шегінде жауап береді.

3.5.18. Қатысушы мына жағдайларда жүлдені алу құқығынан айырылады:

(i) күнтізбелік 10 (он) күннен астам уақыт ішінде Қатысушыдан кері байланыс болмағанда;

(ii) Қатысушы қажет деректерді беруден бас тартқанда;

(iii) дұрыс емес немесе толық емес деректерді бергенде;

(iv) жүлдені табыстауды мүмкін емес ететін басқа да әрекеттер/әрекетсіздік болғанда.

3.5.19. Жүлде ақшаға, басқа тауарларға немесе қызметтерге айырбасталмайды және үшінші тұлғаларға берілмейді.

3.5.20. Бір Қатысушы Акцияға BIGApp-тағы бір аккаунттан ғана қатыса алады. Қосымша жүлделер алу үшін бірнеше аккаунт ашуға, виртуалды нөмірлерді немесе басқа да техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

3.5.21. Алаяқтық әрекеттер, автоматтандыру, жасанды жолмен арттыру, бірнеше рет тіркелу немесе осы Ережелерді бұзатын басқа да әрекеттер анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушының Акцияға қатысуын бұғаттауға, мүмкіндіктерін немесе жүлделерін жарамсыз деп тануға құқылы.

3.5.22. Қатысушы жағында техникалық ақаулардың, соның ішінде Интернетке қосылумен байланысты қиындықтардың болғаны, құрылғының, мобильді операциялық жүйенің немесе бөгде сервистердің жұмыс істемегені үшін Ұйымдастырушы жауап бермейді.

3.5.23. Ұйымдастырушы серверінде техникалық ақау болған жағдайда, Қатысушының мүмкіндігі жойылмайды және жүлдесі берілген болып саналмайды. Ақау жойылғаннан кейін Ұйымдастырушы жүлдені қайта беруге құқылы.

3.5.24. Ұйымдастырушы BIGApp мобильді қолданбасының үздіксіз немесе қатесіз жұмыс істеуіне, соның ішінде серверлерге жоғары жүктеме түсетін, техникалық жұмыстар немесе жаңартулар жүргізілетін кезде кепілдік бермейді.

3.5.25. Ұйымдастырушы BIGApp қолданбасында тиісті ақпаратты жариялау арқылы Акция талаптарын өзгертуге, оны тоқтата тұруға немесе мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы. Осындай ақпарат жарияланған сәттен бастап өзгерістер күшіне енеді.

3.5.26. Акция аясында Қатысушының дербес деректерін өңдеу Дербес деректерді өңдеу саясатына сәйкес жүзеге асырылады және заттай жүлдені жеткізу мақсатында Ұйымдастырушының серіктестеріне байланыс деректерін беруді қамтуы мүмкін.

3.5.27. Акция құмар ойыны, лотерея немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат алуды талап ететін ынталандыру іс-шарасы емес.

3.5.28. Заттай жүлдені алған кезде Қатысушы Ұйымдастырушыға немесе оның уәкілетті тұлғасына жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға, сондай-ақ жүлдені алғанын, оның толықтығы мен сыртқы түріне ешқандай кінәрат-талабы жоқ екенін, сондай-ақ Ұйымдастырушының жүлдені беру міндеттемелерін тиісінше орындағанын растайтын жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға міндетті.

3.5.29. Жүлдені Ұйымдастырушының серіктестері беретін немесе жеткізетін жағдайларда осындай жүлделердің сапасы, толықтығы, пайдалану қасиеттері, сипаттамаға сәйкестігі, жеткізу мерзімі және кейінгі кепілдік қызмет көрсету үшін тиісті серіктес (жеткізуші) өз жауапкершілік аясы шегінде жауап береді. Ұйымдастырушы серіктестер берген жүлделерге байланысты тауарлардың кемшіліктері, уақтылы жеткізілмеуі, кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту немесе басқа да кінәрат-талаптар үшін жауапты болмайды және мұндай жүлделерді айырбастауға, қайтаруға немесе жөндеуге міндетті емес.

3.5.30. Жүлде BI Group холдингінің Алматы және Астана қалаларында сатылатын жылжымайтын мүлкіне жеңілдік болған жағдайда, Қатысушыға бірегей промокод беріледі. Промокод арнайы болып табылады, бір рет қолданылады, үшінші тұлғаларға берілмейді және ақшаға айырбасталмайды. Жеңілдік BI Group холдингінің қолданыстағы басқа акцияларымен, бейілдік бағдарламасымен, жеңілдіктерімен немесе арнайы ұсыныстарымен біріктірілмейді.

Жеңілдік кез келген төлем түріне қолданылады және мына мөлшерде беріледі:
толық төлем жасағанда — BI Club мәртебесіне жылжымайтын мүлік құнының +2%-ы (ең көбі — BI Platinum деңгейіне дейін);
ипотека немесе бөліп төлеу кезінде — үстеме төлемнен –2%.
Промокодтың жарамдылық мерзімі мен жеңілдікті пайдалану мүмкіндігі 2026 жылғы 31 қаңтармен (қоса алғанда) шектеледі. Аталған мерзім өткеннен кейін промокод автоматты түрде жарамсыз болады.

3.5.31. Ұйымдастырушының бақылауынан тыс жағдайлар, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен, үшінші тұлғалардың әрекеттері, мобильді желіге қол жеткізу мүмкіндігін бермеу немесе шектеу, Қатысушы жабдығының істен шығуы, бағдарламалық жасақтама конфигурациясының ерекшеліктері, сондай-ақ байланыс операторы немесе мемлекет деңгейінде қызметтердің бұғатталуы салдарынан Қатысушының Акцияға қатыса алмағаны немесе жүлдені ала алмағаны үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

3.5.32. Қатысу кезінде осы Ережелердің талаптарын бұзуға, қолданба функционалын теріс пайдалануға, автоматтандырылған құралдарды, құрылғы эмуляторларын, VPN, прокси немесе басқа да техникалық құралдарды пайдалануға, деректерді бұрмалауға немесе Акцияда қарастырылмаған артықшылықтарды алу мақсатында басқа да әрекеттер жасауға жол берілгені анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы кез келген уақытта Қатысушының Акцияға қатысу нәтижесін, соның ішінде ұтқан жүлделері мен BI Coin-дарын жарамсыз деп тануға құқылы. Ұйымдастырушының шешімі түпкілікті болып табылады және ол бойынша шағым қабылданбайды.

3.6. Ұтыс ойынының құқықтық мәртебесі

3.6.1. Ұтыс ойындары BI Club адалдық бағдарламасы аясында өткізіледі және пайдаланушыларды ынталандыруға бағытталған маркетингтік белсенділік болып табылады.

3.6.2. Ұтыс ойындары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құмар ойын, лотерея немесе тәуекелге негізделген өзге де іс-шара болып табылмайды.

3.6.3. Қатысу ақшалай қаражат болып табылмайтын, ақшаға айырбасталмайтын және төлем құралы болып саналмайтын бонустық балдар (BI Coin) арқылы жүзеге асырылады.

3.6.4. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

3.6.4.1. Жеңімпаздар сатылым жабылғанға дейін сатып алынған барлық жарамды билеттер арасында кездейсоқ таңдау арқылы анықталады.

3.6.4.2. Жеңімпаздарды анықтау Instagram әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир барысында кездейсоқ таңдау құралдары немесе барлық қатысушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін өзге де ашық тәсіл арқылы жүзеге асырылады.

3.6.4.3. Тікелей эфир жеңімпаздарды анықтау рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында демонстрациялық сипатқа ие.

3.6.4.4. Ұйымдастырушы ұтыс нәтижелеріне әсер етпейді және кездейсоқ таңдау механизміне араласпайды.

3.6.4.5. Ұтыс нәтижелері түпкілікті болып табылады және техникалық ақаулар немесе шарттардың бұзылуы анықталған жағдайларды қоспағанда қайта қарауға жатпайды.

3.6.5. Қосымша қағидалар

3.6.5.1. Әрбір билет бір ұтыс мүмкіндігін береді, алайда билетті сатып алу жүлде алуға кепілдік бермейді.

3.6.5.2. Билеттер тек сатылым жабылғанға дейін сатып алынған жағдайда ғана жарамды болып есептеледі.

3.6.5.3. Ұйымдастырушы бір пайдаланушы сатып алатын билеттер санына шектеулер белгілеуге құқылы.

3.6.6. Билеттерді сатып алу

3.6.6.1. Билеттерді сатып алу үшін пайдаланылған бонустық балдар (BI Coin) қайтаруға, айырбастауға немесе өтемақы төлеуге жатпайды.

3.6.6.2. BI Coin есептен шығарылғаннан кейін билеттерді сатып алу операциясы аяқталған болып саналады және жойылмайды.

3.6.7. Ұтысты алу

3.6.7.1. Жүлдені алу үшін пайдаланушы интерфейсте көрсетілген немесе қолдау қызметі ұсынған нұсқаулықтарды орындауға міндетті.

3.6.7.2. Ұйымдастырушы жүлдені беру үшін қажетті қосымша деректерді пайдаланушыдан сұратуға құқылы.

3.6.7.3. Деректер ұсынылмаған жағдайда, пайдаланушымен байланысу мүмкін болмаған кезде немесе шарттар бұзылған жағдайда жүлде жойылуы мүмкін.

3.6.7.4. Жүлдені алу мерзімі нақты ұтыс ойынының шарттарымен шектелуі мүмкін.

3.6.8. Бизнес-қағидалар және шектеулер

3.6.8.1. BI Coin қайтаруға, айырбастауға немесе өтемақы төлеуге жатпайды.

3.6.8.2. Ұтыс ойынына қатысу ерікті болып табылады.

3.6.8.3. Ұйымдастырушы пайдаланушы тарапынан теріс пайдалану немесе адал емес әрекеттер анықталған жағдайда қатысудан бас тартуға немесе нәтижелерді жоюға құқылы.

3.6.9. Жауапкершілікті шектеу және шарттарды өзгерту

3.6.9.1. Ұйымдастырушы техникалық ақаулар, пайдаланушы қателері немесе ұйымдастырушыға тәуелді емес себептер бойынша қатысу мүмкін еместігі үшін жауап бермейді.

3.6.9.2. Техникалық ақаулар туындаған жағдайда ұйымдастырушы ұтыс ойынын кейінге қалдыруға, тоқтатуға немесе қайта өткізуге құқылы.

3.6.9.3. Ұйымдастырушы ұтыс ойынының шарттарын, оның ішінде өткізу күні мен уақытын өзгертуге, сондай-ақ негіздер болған жағдайда ұтыс ойынын тоқтатуға құқылы.

3.7. Реферал бағдарлама

3.7. Рефералдық бағдарлама

3.7.1. Жалпы ережелер

3.7.1.1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында «BI Group» ЖШС (бұдан әрі — «Ұйымдастырушы») ұйымдастыратын BIGApp рефералдық бағдарламасына (бұдан әрі — «Бағдарлама») қатысу тәртібін реттейді.

3.7.1.2. Бағдарлама BI Club-тың қолданыстағы пайдаланушыларының BI Group жобаларын ұсынуын ынталандыруға бағытталған.

3.7.1.3. Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасы мағынасында құмар ойын, лотерея немесе тәуекелге негізделген өзге де іс-шара болып табылмайды.

3.7.2. Өткізу мерзімдері

3.7.2.1. Бағдарлама Астана қаласының уақыты бойынша _____ бастап қолданылады.

3.7.2.2. Ұйымдастырушы BI Group-тың ресми арналарында немесе BI Club-та ақпарат жариялау арқылы Бағдарламаның мерзімдерін кез келген уақытта өзгертуге, оны тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

3.7.3. Бағдарламаға қатысушылар

3.7.3.1. Қатысушылар (реферерлер) ретінде 18 жасқа толған, әрекетке қабілетті, BI Club-та тіркелген, осы Қағидаларды қабылдаған және BI Group қызметкері болып табылмайтын жеке тұлғалар қатыса алады.

3.7.3.2. BI Group қызметкерлерінің қатысуына жол берілмейді. Қызметкерді сәйкестендіру мына белгілердің жиынтығы бойынша жүзеге асырылады: Т.А.Ә., жұмыс телефоны, жеке телефоны.

3.7.3.3. Реферал деп BIGApp механикасы арқылы реферер шақырған және BI Group тарапынан тексеруден, сауалнамадан және өтінім жасаудан сәтті өткен тұлға танылады.

3.7.4. Қатысу шарттары және әрекет ету тәртібі

3.7.4.1. Реферер:

- BIGApp бөлімінде досын шақыруды бастайды;
- рефералдың телефон нөмірін асинхронды тексеруге жібереді (24 сағатқа дейін);
- тексеру сәтті өткен жағдайда өтінім сауалнамасын толтырады. Телефон нөмірі автоматты түрде енгізіледі және/немесе үлгі бойынша енгізіледі;
- өтінім жіберілгеннен кейін BI Group тарапында өтінімнің жазбасы құрылады, содан соң рефералға менеджермен кездесуге жазылу туралы WhatsApp хабарламасы жіберіледі.

3.7.4.2. Шақыру мүмкіндігін тексеру: тек жақында BI Group-қа жүгінбеген тұлғаны ғана шақыруға болады. Тексеру сәтсіз өткен жағдайда өтінім жасау мүмкін емес.

3.7.4.3. Реферал Бағдарламада тек бір реферерге ғана бекітілуі мүмкін. Бекіту BIGApp жүйесінде алғашқы сәтті құрылған және тіркелген өтінім бойынша жүзеге асырылады. Реферал реферерге бекітілгеннен кейін осы рефералға қатысты басқа пайдаланушылардың өтінім жасауына жол берілмейді, ал мұндай реферал бойынша сыйақы тек оған бекітілген реферерге ғана есептелуі мүмкін.

3.7.4.4. Өтінімдерді құру және өңдеу интеграциялардың техникалық қолжетімділігі болған және қатысушы тарапынан бұғаттаулар мен бұзушылықтар болмаған жағдайда ғана мүмкін.

3.7.5. Сыйақы

3.7.5.1. Сыйақы түрі: BI Club ішкі валютасы — алмаздар.

3.7.5.2. Реферерге берілетін сыйақы мөлшері: реферал жылжымайтын мүлікті сатып алғаны расталған жағдайда («Пәтер сатып алды» мәртебесі) 100 алмаз.

3.7.5.3. Рефералға берілетін сыйақы: сатып алу жасалғаннан кейін BI Club-қа алғаш кіргенде немесе тіркелгенде 100 алмаз.

3.7.5.4. Сыйақыны есептеуге негізі: BI Group тарапынан өтінім бойынша «Пәтер сатып алды» мәртебесінің берілуі. BI Group тарапынан мұндай белгі болмаған жағдайда сыйақы алуға құқық бермейтін «Өтінім жіберілді» қызметтік мәртебесі қолданылады.

3.7.5.5. Сыйақы BI Club-та өтінім картасында «Сыйақыны алу» батырмасы пайда болған кезде беріледі. Сыйақыны алғаннан кейін рор-уп терезесі көрсетіліп, алмаздар балансы жаңартылады.

3.7.5.6. Ақшалай төлемдерге, алмазды ақшаға айырбастауға және үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді. Айырбастау тек қолданыстағы витрина қағидаларына сәйкес алмаздар витринасындағы сыйлықтарға (заттай сыйлықтар) жүзеге асырылады.

3.7.6. Рефералды хабардар ету

3.7.6.1. BIGApp-та өтінім сәтті құрылғаннан кейін рефералға WhatsApp арқылы оның BIGApp рефералдық бағдарламасына қатысуға шақырылғаны туралы ақпараттық хабарлама жіберіледі.

3.7.6.2. Хабарламада Бағдарламаға қатысу нәтижесінде жылжымайтын мүлік сатып алынған жағдайда, реферер де, реферал да әрқайсысы 100 (жүз) алмаз мөлшерінде сыйақы алатыны туралы ақпарат көрсетіледі.

3.7.6.3. Есептелген алмаздар BI Club-та көрсетіледі және қатысушылар оларды BI Club витринасындағы сыйлықтарды таңдау үшін қолданыстағы қағидаларға сәйкес пайдалана алады.

3.7.7. Мәртебелер және қадағалау

3.7.7.1. BIGApp-та кемінде келесі мәртебелер көрсетіледі: «Өтінім жіберілді», «Кездесуге келді», «Пәтер сатып алды».

3.7.7.2. Мәртебенің өзгеруі туралы ақпараттық хабарламалар BI Club-та (pop-up және/немесе баннер түрінде) көрсетіледі.

3.7.7.3. «Менің өтінімдерім» бөлімшесінде рефералдың Т.А.Ә., телефон нөмірі, қызығушылық параметрлері және ағымдағы мәртебесі көрсетіледі. Сыйақы қолжетімді болған жағдайда оны алу батырмасы пайда болады.

3.7.8. Шектеулер және бас тарту жағдайлары

3.7.8.1. BI Group қызметкерлерінің Бағдарламаға қатысуына жол берілмейді.

3.7.8.2. Рефералмен жасалған мәміле бұзылған, мәміле жарамсыз немесе алаяқтық деп танылған, не дұрыс емес деректер анықталған жағдайда сыйақы есептелмейді немесе оның күші жойылып, есептен шығарылады.

3.7.8.3. Техникалық іркілістер туындаған жағдайда Ұйымдастырушы есептеулерді уақытша тоқтатуға және/немесе өңдеу мерзімдерін өзгертуге құқылы.

3.7.8.4. Ұйымдастырушы теріс пайдалану, жасанды белсенділік жасау, Қағидаларды бұзу немесе шектеулерді айналып өту әрекеттері анықталған жағдайда өтінімдерді және/немесе сыйақыларды жоюға құқылы.

3.7.8.5. Егер Ұсынушы мен Ұсынылған тұлға ерлі-зайыптылар, жақын туыстар немесе бірге тұратын және (немесе) ортақ шаруашылық жүргізетін өзге де тұлғалар болып табылса, әрі Компания олардың Бағдарламаға қатысуы жаңа клиентті іс жүзінде тартпай-ақ сыйақы алу мақсатында жүзеге асырылғанын анықтаса, Адалдық бағдарламасы бойынша сыйақы есептелмейді және төленбейді.

3.7.8.6. Егер Компания Ұсынылған тұлғаның Бағдарламаға тіркелгенге дейін Компанияға жүгінгенін, жылжымайтын мүлік объектісін сатып алу мәселесі бойынша Компания қызметкерлерімен байланыс жасағанын немесе Компанияның ақпараттық жүйелерінде әлеуетті клиент ретінде бұрын тіркелгенін анықтаса, Компания сыйақыны есептеуден және (немесе) төлеуден бас тартуға құқылы.

3.7.9. Дербес деректер

3.7.9.1. Бағдарламаға қатыса отырып, қатысушы Бағдарламаны іске асыру, коммуникациялар жүргізу, сыйақылар беру, талдау жасау және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімін растайды.

3.7.9.2. Дербес деректерді өңдеу Ұйымдастырушының құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

3.7.10. Жауапкершілік

3.7.10.1. Ұйымдастырушы төмендегілер үшін жауапты болмайды:

- техникалық іркілістер, интеграциялық қателер, байланыс желілерінің жұмысы;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері және Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша қатысу мүмкін еместігі.

3.7.10.2. Даулы мәселелер бойынша Ұйымдастырушының шешімдері BI Group CRM/ДҚҚ жүйелерінің деректеріне негізделеді және айқын техникалық қате жағдайларын қоспағанда, түпкілікті болып табылады.

3.7.11. Қорытынды ережелер

3.7.11.1. Ұйымдастырушы ресми арналарда және/немесе BI Club-та ақпарат жариялай отырып, Қағидаларды өзгертуге, Бағдарламаны уақытша тоқтатуға немесе күшін жоюға құқылы.

3.7.11.2. Қағидалармен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

3.8. Отбасы болып қол жеткізу

3.8.1. Бірнеше Қатысушы бір «отбасына» біріге алады.

3.8.2. Әрқайсысы өз BI Coin-дарын сақтайды, бірақ отбасының ортақ мәртебесі жеке мәртебеден жоғарырақ болуы мүмкін.

3.8.3. Отбасын құру Ұйымдастырушы модерациясынан өтеді.

3.8.4. Ұйымдастырушы себебін түсіндірместен, қатысушылардың бірігуіне қарсы болуға құқылы.

4. Заңдық маңызы бар ережелер

4.1. Бағдарламаға тіркелу арқылы Қатысушы осы Ережелерге және Дербес деректерді өңдеу саясатына келісетінін растайды.

4.2. Ұйымдастырушы Бағдарламаны біржақты тәртіпте өзгерту немесе тоқтату құқығын өзіне алып қалады. Ережелерге енгізілген өзгерістер BIGApp қолданбасында немесе BI Group-тың ресми сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

4.3. BI Coin-дардың жарамдылық мерзімі шектеулі; мерзімі өткен соң олар жойылады.

4.4. Жұлделер саны шектеулі және оларды алу мүмкіндігі айырбастау кезінде болу-болмауына байланысты.

4.5. BI Coin-дар үшінші тұлғаларға берілмейді, ақшаға айырбасталмайды немесе басқа жолмен иеліктен шығарылмайды.

4.6. Қатысушы осы Ережелерді бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы оның аккаунтын бұғаттап, BI Coin-дарын жоюға құқылы.

4.7. Техникалық іркілістерге, байланыс операторларының, мобильді қолданбалардың және бөгде сервистердің жұмысына байланысты BI Coin-дарды есептеу немесе есептен шығару мүмкін болмаса, бұл үшін Ұйымдастырушы жауап бермейді.

4.8. Ұйымдастырушы үшінші тұлғалардың әрекеттері, мереке және ресми демалыс күндері, форс-мажор жағдайлары немесе Ұйымдастырушының бақылауынан тыс басқа да факторлар салдарынан жүлденің кешіктірілуі үшін жауапты болмайды.

4.9. Ұйымдастырушы серіктестер ұсынған промокодтардың жарамдылығына кепілдік бермейді және олардың пайдаланылуына жауапты болмайды.

4.10. Теріс пайдалану (бірнеше рет тіркелу, алаяқтық әрекеттер, боттарды қолдану және т.б.) жағдайында Ұйымдастырушы Қатысушының Бағдарламаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

4.11. Ұйымдастырушымен, сондай-ақ BI Group холдингінің құрылымына кіретін кез келген заңды тұлғамен еңбек қатынасында тұрған адамдар Бағдарламаға қатысуға жіберілмейді.

4.12. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4.13. BIGApp мобильді қолданбасында жаңа редакциясын жариялау арқылы Ұйымдастырушы осы офертаны кез келген уақытта өзгерте немесе толықтыра алады. Жаңа редакция жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

5. Қолданылу мерзімі

5.1. Бағдарлама шектеусіз қолданылады. Ұйымдастырушы Бағдарламаны тоқтатудан кемінде 1 ай бұрын қатысушыларға хабарлай отырып, оны тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.